

**К.Ш. Алимгазинов**  , **М.Т. Шотаев\*** 

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: makekuzya@mail.ru

## **ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АРХИВІНДЕГІ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кеңестік дәуірде еліміздің мемлекеттік және қоғамдық мекемелерінің жұмысына тікелей басшылық жүргізген КОКП архивтік қорының құжаттары еліміздің тарихын зерттеуде алатын орны ерекше. Мемлекеттік архив қорына енбеген және партиялық архивтерде құпиялық режимде сақталып келген партиялық құжаттардың 80 пайызының құпиялық грифі бар еді. КСРО ыдырағаннан кейін Ұлттық архив қорының құрамына енген партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізудің негізгі мәселелері: оларды интеграциялау, жүйелеу және құпиясыздандыру еді.

Зерттеу мақсаты: посткеңестік мемлекеттерде КОКП-ның құжаттарын құпиясыздандыру процесі мен деңгейін сипаттау, құпиясыздандыру кезінде басшылыққа алынған принциптерді ашып көрсету.

Мақалада Қазақстан Республикасы Президенті Архивінде сақтаулы Қазақстан Компартиясы құжаттарын кеңестік тоталитаризмнің саяси, идеологиялық себептермен әр түрлі құпиялық грифтері қойылған құжаттар кешенін кеңінен ғылыми айналымға енгізу мақсатымен құпиясыздандыру мәселелері қарастырылады. Автор кеңестік дәуірде партия аппаратының қоғамды идеологиялау құралы ретінде архивтік ақпараттардың қолдануын және партиялық архив құжаттардың қол жетімсіздігі қатаң бақылауда болғанына тоқталады. Бұрынғы кеңестік мемлекеттердегі КОКП архив құжаттарын құпиясыздандыру жұмысының құқықтық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық мәселелері туралы жазылған ғалым, архивистердің еңбектеріне талдау жасайды.

**Түйін сөздер:** құжат, партиялық архивтер, құпияландыру, құпиясыздандыру, ерекше папкалар, ведомствоаралық комиссия.

K.Sh. Alimgazinov, M.T. Shotayev\*

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: makekuzya@mail.ru

### **Issues of declassification of documents of the Communist Party of Kazakhstan of the Soviet period in the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan**

During the Soviet period, the documents of the Archival Fund of the CPSU, which directly supervised the work of state and public institutions of the country, occupied a special place in the study of the history of the country. Party documents that were not included in the state archival fund and stored in the party archives in secrecy mode 80 percent of them had secrecy stamps. The main issues of the introduction into scientific circulation of party documents that became part of the National Archival Fund after the collapse of the USSR were: their integration, systematization and declassification.

The purpose of the study: to describe the process and level of declassification of CPSU documents in post-Soviet states, to reveal the principles that guided declassification.

The article discusses the issues of declassification of documents of the Communist Party of Kazakhstan, stored in the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, which have different labels of secrecy for political and ideological reasons of Soviet totalitarianism, with the aim of widespread introduction into scientific circulation. The author notes that in Soviet period, the party apparatus strictly controlled the use of archival information and access to party documents as a tool for ideologizing society. The author analyzes the works of scientists and archivists on legal, methodical, organizational and technical issues of declassification of archival documents of the CPSU in the post-Soviet states.

**Key words:** document, party archives, secrecy, declassification, special folders, interdepartmental commission.

К.Ш. Алимгазинов, М.Т. Шотаев\*

Архив Президента Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: makekuzya@mail.ru

### **Вопросы рассекречивания документов Компартии Казахстана советского периода в Архиве Президента РК**

В советское время документы Архивного фонда КПСС, непосредственно руководившей работой государственных и общественных учреждений страны, занимали особое место в изучении истории страны. Не вошедшие в государственный архивный фонд и хранящиеся в партийных архивах в режиме секретности 80 процентов партийных документов имели грифы секретности. Основными вопросами введения в научный оборот партийных документов, вошедших в состав Национального архивного фонда после распада СССР, стали их интеграция, систематизация и рассекречивание.

Цель исследования: описать процесс и уровень рассекречивания документов КПСС в постсоветских государствах, раскрыть принципы, которыми руководствовались при рассекречивании.

В статье рассматриваются вопросы рассекречивания документов Коммунистической партии Казахстана, хранящихся в Архиве Президента Республики Казахстан, имеющих разные грифы секретности по политическим и идеологическим причинам советского тоталитаризма, с целью широкого внедрения в научный оборот. Автор отмечает, что в советское время партийный аппарат строго контролировал использование архивной информации и доступ к партийным документам как инструмент идеологизации общества. Анализирует труды ученых и архивистов по правовым, методическим, организационным и техническим вопросам рассекречивания архивных документов КПСС в постсоветских государствах.

**Ключевые слова:** документ, партийный архив, секретность, рассекречивание, особые папки, межведомственная комиссия.

## **Кіріспе**

**Мәселенің теориялық аспектісі.** Құжаттарды құпияландыру мен құпиясыздандыру мәселесі тарихын архив мекемелері пайда болған күннен бастап қарастыруға болады. Кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әскери қорғанысқа, саясатқа, экономикаға қатысты құжаттарды құпиялық режимде сақтауы әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған тарихи құбылыс болып табылады және уақыт өте келе құпиялығы жойылған ақпараттар жария етіледі. Бұл құжаттарды құпиясыздандыру мерзімі әр елде әр түрлі мерзімді 30 жыл мен 50 жыл арасын құрайды. Қоғамды ретроспективті ақпаратпен қамтамасыз ету негізгі қызметі болып табылатын архив мекемелерінде бұрын құпия режимде сақтаулы құжаттарды ғылыми айналымға енгізу оларды құпиясыздандыру ісімен тікелей байланысты. Құпиясыздандыру дегеніміз құжаттарда мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараттың болмауына немесе қоғамдағы орын алған өзгерістерге байланысты құжаттағы ақпаратты ары қарай қорғаудың орынсыздығына байланысты құжатқа ертеректе қойылған «құпиялық» грифін немесе «пайдалануға қойылған шектеулерді» алып тастау.

Архивтік құжаттарды құпиясыздандыру қарама-қайшылыққа толы, күрделі де аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Кеңестік дәуірде партиялық архивтердегі құжаттарға қолжетімділік шектеулі еді және көптеген құжаттардың «құпия», «аса құпия», «пайдаланылуы шектеулі» грифі болатын.

Партиялық архивтердің жұмысы арнайы қабылданған «КОКП ОК жанынан құрылған марксизм-ленинизм институты филиалдары мен өлкелік, облыстық партиялық архивтердің жұмыс жүргізу ережелерімен» реттелетін. (Партиялық архивтердің жұмыс жүргізу ережелері, 1970: 92). Ол ережелерге сәйкес партиялық архив құжаттарымен жұмыс істеуге жіберілген зерттеуші келген ұйымынан жолдама, ғылыми жұмыс тақырыбын бекіту туралы ғылыми кеңес шешімінің немесе ғылыми орталықтың, оқу орнының шешімінің көшірмесін, мекеме басшылығы растаған зерттеу жұмысының жоспарын, құпия құжаттарға қол жетімділігін растайтын анықтама әкеліп, анкета толтырып құжаттарды пайдалану ережесімен танысқандығы және оларды сақтау туралы қолхат беруге тиісті еді. Партиялық немесе комсомолдық ұйымның жұмысына қатысқандығы туралы естелік жазушы КОКП мүшелері партиялық архивте жұмыс істеуге

рұқсат алу үшін тарихи-әдеби бірлестіктен, ардагерлер кеңесінен, әскери-ғылыми қоғамнан, баспадан, газет, журнал, радио, телевидение редакциясынан, тиісті партия комитетінен немесе естеліктің, қолжазбаның, фактілер тізімі мен даталарын анықтауға қызығушылық туғызып отырған басқа органдардан, мекемелерден қатынас хат әкелуі тиіс еді. Барлық зерттеушілер құжаттармен жұмысты архив мекемесінің оқу залында немесе арнайы осы мақсатқа арналған бөлмеде партархив қызметкерінің қатысуымен орындайды. Зерттеушіге зерттеу тақырыбы бойынша жүйелік каталог, тақырыптық картотека, зерттеу тақырыбы картотекасы ұсынылады. Құжаттар тізімдемесі мен партиялық орган жиналысында қарастырылған сұрақтар тізбесі бойынша материалдар зерттеушілерге архив меңгерушісінің рұқсатымен беріледі.

Естелік жазушыларға ол жұмыс немесе қызмет істеген ұйымның қорларының құжаттары тек оған қатысты мерзім аралығындағы фактілер мен оқиғаларды анықтау үшін беріледі.

Зерттеушілерге өңделген, тіркелген және пайдалануға рұқсат етілген құжаттар ғана беріледі. Зерттеушінің зерттеу жұмысы тақырыбына және жоспарына сәйкес партархив қызметкерімен іріктелген құжаттық материалдар архив меңгерушісімен тексеріліп қана берілетін.

Әр түрлі себептермен ашық баспада жариялануға болмайтын құжаттар зерттеушілерге берілмеді. Бұл құжаттармен ғылыми, жабық немесе қызметтік басылымдарда және жұмыстарда пайдалану немесе танысу одақтас республикалық коммунистік партия орталық комитетінің облыстық партия комитетінің хатшысына партиялық архив меңгерушісінің ұсынуымен шешілетін.

Зерттеушілерге В.И. Лениннің және Ульяновтар семьясының жарияланбаған құжаттары, «Ерекше папка» грифі бар құжаттар, орталық партиялық, мемлекеттік және комсомолдық органдардың шешімдері, партияны тазалау комиссиясының құжаттары, партиялық құжаттарды тексеру және ауыстыру материалдары, партияға қабылдау және есеп жүргізу құжаттары, коммунистер мен комсомолдардың жеке істері, партиялық органның ерекше секторы мен құпия секторы құжаттары, мемлекеттік қорғанысқа қатысты құжаттар, мемлекеттік қауіпсіздікке қатысты кәсіпорындар мен институт құжаттары, қорғанысқа қатысы бар партиялық және комсомолдық ұйымдар мен мекемелердің құжаттары Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партиялық және комсомолдық

органдардың астыртын жұмысы туралы және жариялануы партия мен мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін басқа да құжаттар берілмеді. Зерттеушілерге берілмейтін істердің мұқабасына және тізімдемедегі осындай істердің қатарындағы «Отметки» деген графаға «В читальный зал не выдается» деген белгі қойылады.

Зерттеуші алған құжаттардағы партиялық және мемлекеттік құпияны жарияламауы керек, ашық баспада жариялауға болмайтын құжаттардан жазба жасауға болмады. Зерттеушіге құжаттың атауын көрсете отырып қысқаша жазба жасауға рұқсат етілгенмен, құжаттардың көшірмесін жасауға тыйым салынған.

Зерттеушінің архивте жасаған жазбалары партархив меңгерушісімен тексеріледі, содан кейін ғана оның өзіне немесе оны жіберген мекеме адресіне жіберіледі. Құжаттарды жариялау, экспонат ретінде және қызметтік мақсатта пайдалану мақсатымен көшірмелері архив ғимаратында партиялық органның рұқсатымен архив қызметкерлерімен немесе олардың бақылауымен жасалынады.

1991 жылдардан кейінгі дамудың демократиялық жолына түскен посткеңестік мемлекеттерде архивтер ашық қоғамның символы ретінде қоғамның ретроспективті ақпаратқа деген қажеттілігін қанағаттандыруға жұмыс жасай бастады. Ақпаратты тұтынушылар аясын кеңейтуге, архивтердің аймақтық және әлемдік ақпараттар кеңістігіне қосылуына, ақпараттық үдерістердің субъектісі ретінде архивтердің ролін арттыруға бағытталған түбегейлі өзгерістер басталды. Ұзақ жылдар бойы қол жетімсіз болып келген партиялық архивтердің зерттеушілер үшін ашылуы ретроспективтік ақпаратқа деген қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға қосылған үлкен үлес болды.

Еліміздегі саяси өзгерістер, КОКП-ның халық шаруашылығы мен қоғамдық өміріндегі жетекшілік ролінің жойылуы партиялық құжаттардағы құпиялық грифтердің алынуын талап етті.

### Материалдар мен әдістер

КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістікте бұрынғы КОКП құжаттарын құпиясыздандыру мәселесі қоғам қайраткерлері, саясатшылар, тарихшылар мен архившілер тарапынан қызу талқыға түсті. Мақалада ресейлік және көршілес республика ғалымдарының, солардың ішінде А.В. Елпатьевский, Т.Ф. Павлова, В.В. Никанорова, Т.Н. Коршунова,

В.А. Савин, Я.Ю. Виноградова, В.П. Козлов, А.В. Щегельский, В.Ю. Афиани, А.О. Чубарьян, О.В. Наумов сияқты ресейлік ғалымдарының, С.Р. Жумалиев сияқты қырғыз ғалымының еңбектері қарастырылды. Сондай-ақ отандық ғалымдар мен архившілердің Т.Б. Митропольская, М.К. Кайырғалиев, Талас Омарбеков, В.И. Себряев, Л.Ж. Байкенжина, В.И. Трусов Қазақстан Компартиясы құжаттарын құпиясыздандыру туралы еңбектері пайдаланылды. Олар құпиясыздандыру методикасын жасауда заңнамалық-нормативтік актілерге тоқтала отырып, құпиясыздандыру мәселесінің теориялық және практикалық аспектілеріне де назар аударады.

Сонымен бірге мерзімді басылымдарда жарық көрген мемлекет және қоғам қайраткерлерінің көзқарастары сараланды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларындағы құжаттар да мақаланың деректік базасын құрайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы және 1999 жылғы 15 наурыздағы №349 «Мемлекеттік құпия туралы» заңдарының баптары негізге алынды.

Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстыру әдісін пайдалана отырып оларға салыстырмалы түрде талдау жасалды.

### Нәтижелер мен талдаулар

Қоғамдық жоғары оқу орындарының кафедралары менгерушілерінің бүкілодақтық жиналысынан кейін 80-жылдардың ортасынан бастап архив құжаттарын құпиясыздандыру жұмысы басталды. Жариялануы тиісті ретроспективті ақпараттың жекелеген санаттарын анықтау процесі жағдайы біршама жақсарды. Осыған байланысты КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалы шектеусіз пайдалану үшін қорлар шеңберін кеңейту мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау үшін арнайы жұмыс тобын құрды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті құрған комиссия, саяси партиялардың, департаменттер мен кеңселердің 9 қорын, партиялық және комсомол оқу орындарының 11 қорын, КОКП кәсіподақ органдарындағы фракцияларының 40 қорын пайдалануға шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдады. Бірақ бұл тарихи процестерді толық көлемде қалыптастыруда жеткіліксіз еді.

1991 жылы кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттерде КОКП құжаттарын құпиясыздандыру қарқыны бастал-

ды. Партиялық органдар таратылып олардың құжаттары мемлекеттік архив қорына өткізілгеннен кейін архив қызметкерлері алдында өте үлкен құпия құжаттар массасымен жұмыс жүргізу міндеті тұрды. 1987 жылы қабылданған құпия құжаттармен жұмыс істеу нормативтерінде мемлекеттік архивтерде құжаттарды құпиясыздандыру осы құжатты жасаған ұйыммен бірге жасалады деп көрсетілгенмен, көптеген мекемелердің өз жұмысын тоқтатуына және олардың ізбасарлары болмауына байланысты көптеген қиындықтар туындады. Бір жағынан нормативтік-заңнамалық актілермен бекітілген құпиясыздандыру методикасы жоқ құжаттар массасы болса, екінші жағынан қоғамдағы тарихи оқиғалардың шынайы желісін қалыптастыруға деген белсенділіктің архивтік құжаттарға сұраныстың артуы тәуелсіздігін жаңадан жариялаған жас мемлекеттердің алдына жаңа талаптар қойды. Бұл мәселе бүкіл посткеңестік елдер тарихшыларының, архившілерінің және қоғам қайраткерлерінің қызу талқылауына түсті.

Елпатьевский құжаттарды құпиясыздандыру процесін қарастыра келіп мұндағы архив мекемелерінің рөліне көңіл бөле отыра архившілердің құпияландыру және құпиясыздандыру процесіне белсене аралаласу қажеттілігін атап көрсетсе (Елпатьевский, 2006: 8), Павлова құпиясыздандыру процесінде жасалған кездің өзінде ешқандай мемлекеттік құпияны құрамайтын мәдени, білім, ауыл шаруашылығы слалары және үгіт-насихат жұмыстарына қатысты құжаттарға дифференциалды тәсілді қолдануды ұсынады (Павлова, 2001: 3).

Афиани құпиясыздандыру ісін методикалық жағынан жетілдіруді ұсынса, Чубарьян құпиясыздандыру ісін жүйелеуді ұсына отырып, ведомствоаралық комиссия жұмысының қоғам назарында болу қажеттілігін айтады (Чубарьян, 2001: 3).

Щегельский құжаттардың құпиясыздандырылуымен пайда болатын архив жазбаларын өзгертуге байланысты қосымша жұмыстарды оңтайландыру мәселесімен бөлісе отырып, Ресей Федерациясы мемлекеттік және ведомстволық архивтеріндегі жабық қорларындағы сақтаулы құжаттар көшірмесі немесе түпнұсқасы ТМД мемлекеттерінің архивтерінде де болуы мүмкін екенін ескере отырып архив құжаттарын құпиясыздандыру мен пайдалану ТМД-ға кіретін мемлекеттермен біріге отырып шешілуі тиіс екенін айтады (Щегельский, 1995: 6).

В.В. Никанорова және Т.Н. Коршунова партиялық органдардың құжаттарының,

олардың ішінде «ерекше папкалардың» құрамы, мазмұны, құпиясыздандырылу деңгейі туралы тоқтала келе, құпиясыздандырылған істерге сұраныстың төмендігін айтады. (Никанорова, Коршунова, 1999: 79).

В.А. Савин мен Я.Ю. Виноградова қазіргі Ресей мемлекеттік әскери-тарих архивін мысалға ала отырып құжаттардың құпияландыруы мен құпиясыздандырылуы тарихын сипаттайды (Савин, Виноградова, 1994: 18).

В.П. Козлов пен О. Локтев сол кезеңдегі құпиясыздандыру мәселесін жан-жақты тарихи, теориялық және кейбір практикалық аспектілерін де қарастырады (Козлов, Локтева, 1997:112).

О.В. Наумов құпиясыздандырылған құжаттарды пайдалану жолдарын қарастыра келе оларға ғылыми анықтамалық аппаратын жасау мәселесін көтереді (Наумов, 1996: 3). Партиялық архивтер алғашқы күннен бастап қоғамды ретроспективті құжатталған ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатымен емес тек партия органдарының саяси-идеологиялық жұмыстарын жүргізу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналды. Сондықтан партархивтердегі ҒАА өте нашар жағдайда еді.

С.Р. Жумалиев «Рассекречивание архивных документов, созданных компартией и комсомолом Киргизии» атты еңбегінде көршілес қырғыз еліндегі құпиясыздандыру процесін сипаттайды (Джумалиев, 1998: 61). Посткеңестік дәуірде тәуелсіздігін алған республикалардың бәрінде архив құжаттарын құпиясыздандыру процесі әр түрлі деңгейде жүріп жатты. Ресейде 1965 жылға дейінгі құжаттардың барлығы құпиясыздандырылса, Украина бірден барлық архивтерін ашып тастады. Ал қырғыз елінде құпиясыздандыру процесі басқа да посткеңестік мемлекеттерге тән сипатта жүріп жатты.

Қазақстанда Компартия құжаттарын құпиясыздандыру ісі екі кезеңмен жүзеге асты. Олар 1994 жылы және 2004 жылы құрылған ведомстваралық комиссияның жұмысымен байланысты еді.

1994 жылы 11-13 қазанда Алматы қаласында ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы архив ісі Бас басқармасы мен ҚР ҰАҚ-ның құжаттарды сақтау, тіркеу және ақпараттандыру, жариялау және ғылыми айналымға енгізу бөлімдерінің ұйымдастыруымен «Бұрынғы Қазақстан Компартиясы архивтерінің құжаттарына қол жетімділікті жеңілдету арқылы тарихи ғылымдардың деректік қорлар базасын кеңейту» тақырыбында республикалық семинар жиналысы өтті. Семинарға архив ісінің мамандары,

тарих ғылымының кандидаттары, докторлары қатысып өз пікірлерін білдірді.

Осы семинарда Т.Б. Митропольская Президент Архивіндегі партия құжаттарының құпиясыздандырылу тәжірибесімен бөлісе отырып құпиясыздандырудың ұйымдастырушылық-методикалық жағына көңіл бөледі (Митропольская, 1994: 29). 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» заңында қарастырылған құжаттық ақпаратты 20 жылда құпиясыздандыру мерзімін және 5 жыл сайын қарастыру туралы бабын жүзеге асыратын ережелер мен инструкциялардың жоқтығын алға тартады.

ҚР ҰАҚ құжаттарын жариялау және ғылыми айналымға енгізу бөлімінің басшысы М.К. Кайырғалиев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті партиялық архиві құжаттарының құрамына талдау жасай келіп, әр түрлі категориялы құжаттарға құпиясыздандыру да әр түрлі тәсілмен жасалуы қажет екеніне тоқталады (Кайргалиев, 1994: 1). «Ерекше папкалар» құжаттарындағы партия шешімдерінің орындалмау себептері, жұмыстағы қателіктер және т.б. негативті информациялардың басымдылығын алға тарта отырып оларды құпиясыздандыруда таңдамалы әдісті қолдануды ұсынады.

Талас Омарбеков кеңес дәуірінен қалған архивтік деректер қорын жүйелеуді ұсына отырып, оларды 3 топқа бөледі: жеке адамдар жасаған құжаттар, саяси партия мен қоғамдық ұйымдардың құжаттары, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың құжаттары (Омарбеков, 1994: 11). Партиялық құжаттарды жүйелеу арқылы оларға деректанулық тұрғыдан баға беру, ісі мен сөзінің арасында үлкен алшақтық жатқан партия құжаттарымен жұмыс жасауда маңызды кезеңдердің бірі болып табылады.

В.И. Себряев ақпаратты құпияландыру мен құпиясыздандырудың заңнамалық тұрғыда талдау жасап түсіндіріп өтті (Себряев, 1994: 16). Бұл партия құжаттарын құпиясыздандыру процесі кезінде мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер тізіміндегі құжаттардан идеологиялық мақсатта құпияландырылған құжаттарды ажыратуға қажет мәлімет.

Л.Ж. Байкенжина Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің партиялық архивінің құжаттарының құрамы мен құпиясыздандырылуы туралы баяндайды (Байкенжина, 1994: 35).

В.И. Трусов партархивтердегі құпия құжаттардың пайда болу тарихына олардың негізсіз

құпияландырылуына тоқтала келе әскери, дипломатиялық, табиғи ресурстар және жеке тұлғаға қатысты конфиденциалды ақпараттары бар құжаттарды құпиясыздандыру мерзімін 50 немесе 75 жылға зерттеушілердің пайдалануына шектеу қоя отырып қалған құжаттарды құпиясыздандыруды ұсынды (Трусов, 1994: 37).

М. Хасанаев өз жұмысында Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің құпиясыздандырылған құжаттары туралы мәлімет береді, тоталитаризм дәуірінің құпиясыздандырылған және әлі құпиясыздандырылмаған құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығын көрсетеді (Хасанаев, 1998: 56).

ҚР Президенті Архивінде құжаттарды құпиясыздандыру Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» және 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Заңынан кейін құжаттардың құпиясыздандырылуы едәуір серпін алды (Закон РК «О защите Государственных секретов» от 19 января 1993 г.). Президент Архиві директорының бұйрығымен архивтегі құпиялық мерзімі өткен құжаттарды құпиясыздандыру ісін ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатымен сараптау тексеру комиссиясы құрылды. Комиссия төрағасы Г.А. Қарпықова, төраға орынбасары И.Н. Бухонова, хатшысы К.А. Медуханова және Л.Ю. Зайниева, Т.Б. Митропольская, Ж.Б. Сүлейменова, Д.Ш. Туралина сияқты комиссия мүшелерінен тұрды (АП РК Ф. 30, Оп. 2, Д. 10, Л. 5.).

1994 жылы құрылған ведомствоаралық комиссия елде жүргізіліп жатқан демократияландыру процестеріне байланысты 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» заңын негізге ала отырып және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңын орындау мақсатымен сараптау комиссия мүшелері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларында» сақтаулы 1937-1940 жылдардағы Қазақстандағы корейлер туралы, 1938-1945 жылдардағы «Неизвестные страницы войны (1941-1945 гг.)» жинағына қажет архив құжаттарын құпиясыздандырды (АП РК Ф. 30-Н, Оп. 2, Д. 66. Л. 2,15,32,90).

Бұл жылдары архив қызметкерлері үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді, 1937-1991

жылдарға арналған құжаттар тізімін жасады. Ал 1996-1998 жылдары Президент Архиві депортацияға байланысты құжаттарды құпиясыздандырып, депортацияға байланысты жинақтар жарық көрді. Әйтсе де жұмыс толық аяқталған жоқ. Бұл жылдардағы құпиясыздандыру белгілі бір тақырыптық шеңбер көлемінде жүзеге асты. Ол саяси репрессия құрбандарын ақтау және Қазақстан территориясына басқа ұлттарды күштеп қоныстандыру мәселесіне қатысты еді. Бұл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құжаттарын құпиясыздандырудың алғашқы кезеңі еді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және оның алдында жұмыс істеген мемлекеттік басқару органдарының құжаттарын ресми түрде жария етудің екінші кезеңі 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпия туралы» № 349-1 Қазақстан Республикасының Заңында (Закон Республики Казахстан от 15 марта 1999 года №349-І «О государственных секретах») талап етілгендей, 2004 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бұйрығымен ведомствоаралық комиссия құрылуымен басталды. 2004-2008 жылдары комиссия мүшелері істерді парақтап тексеру арқылы 13 мыңнан аса 1937-1991 жылдарға тиесілі партиялық істерден құпиялық мөрі алынып тасталды (Жапаров, Чупров, 2015). Олардың ішінде жұртшылықтың қызығушылығын тудырған жоғарғы деңгейлі құпиялық режимдегі «Ерекше папкалардың» құжаттары бар.

Е.М. Грибанованың айтуы бойынша құпиясыздандыру мәселесі бойынша заңнамалық актілердің жетіспеушілігі біраз қиындақтар тудырды. Атап айтқанда Архивте құпиясыздандыру кезеңіне қатысты мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпараттардың ведомстволық тізімінің болмауы, құпия ақпараттар иелері болып табылатын министрліктер мен ведомстволардың таратылып кетуі. Ал 2003 жылы шыққан заманауи ақпараттарға қатысты ведомстволық тізімде қажетті нормалардың жетіспеушілігі сияқты кедергілер болғанымен КСРО-дағы жаппай қуғын-сүргін құрбандарына қатысты ақпараттардың құпияландыруға тыйым салатын заңның қабылдануы тиісті ақпараттарға қол жетімділікті қамтамасыз етуге негіз болып табылады. Сонымен бірге ағымдағы заңнама азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты ақпараттарды құпияландыруға тыйым салады. Осыған байланысты тарихтағы эпидемиологиялық, қылмыстық және әр түрлі

табиғи апаттар туралы ақпараттар міндетті түрде құпиясыздандыруға жатады.

Сонымен қатар барлық істерді құпиясыздандыру мүмкін еместігін де ескеру қажет. Азаматтардың жеке өмірі, денсаулығы, жанұясы, дүние-мүлкі туралы ақпараттар жариялауға жатпайды және заңмен қорғалады. Бірақ азаматтардың жеке істеріндегі құжаттар олардың қызметімен байланысты болған жағдайларда жарияланатын құжаттар да болады. Мысалы: Ахмет Байтұрсыновтың жеке ісіндегі РК(б)П мүшелігіне қатысты пікірлері Архив қызметкерлерімен жарияланды. 1930 жылдары коммунистерге жеке іс партиялық тәртіпті бұзғаны үшін ғана емес, сонымен бірге жанұядағы қарым-қатынасқа, зинақорлыққа және басқа да көптеген себептерге байланысты қозғалған. Сондықтан жеке істердегі ақпараттарды пайдалануда әрқайсысына жеке-жеке тоқталған жөн.

Бұл мәселеге Ресейлік ғалым А.В. Ельпатьяевскийдің азаматтардың жеке өміріне қатысты ақпараты бар құжаттарға 75 жыл мерзімге қойылатын шектеудің тиімсіздігін, ол тек нақты адамның тарихын зерттеуді қиындатып қана қоймай құнды тарихи дереккөздерінің де құнсыздануына да алып келетінін алға тартып, 75 жыл адамның орташа өмір сүру жасынан алынған мерзім болғандықтан ерте қайтыс болған азаматтарға байланысты құжаттарға бұл шектеу қолданылмауы туралы ұсынысымен келісуге болады (Ельпатьяевский, 2006: 8).

Т.Ф. Павлова архивтік құжаттарды құпиясыздандыруда эксперттік топтар жұмысы механизмінің тиімсіздігін, идеологиялық мақсатта құпияландырылған, құпияландыру кезінің өзінде ешқандай мемлекеттік құпиясы болмаған, қазіргі таңда мұрагерлері жоқ, жойылған ұйымдардың көлемді құжаттар комплексін жедел құпиясыздандыру мүмкіндігінің болмауын сынға алады (Павлова, 2006: 18). Партиялық іс жүргізудің, әсіресе құпиялық белгісі автоматты түрде қойылатын КОКП ОК-дегі іс жүргізудің ерекшеліктерінің ескерілмеуі, жүргізілген сараптама нәтижелерін биліктің атқарушы органдарымен келісу қажеттігі құпиясыздандыру мерзімінің 5-6 айға созылып кететіні, эксперттердің жұмысының негізгі жұмысындағы жүктемеге байланысты дұрыс үйлестірілмеуі бұл процестің созылуына себеп екені мәлім.

Құпиясыздандыру бойынша көп жылдық тәжірибе көрсеткендей партиялық органдарда шектеу белгілері құпияландырудың нормалары-

на сәйкес емес, ішкі партиялық талаптарға сәйкес қойылды. Қазіргі уақытта көптеген партиялық құжаттарда азаматтардың жеке өміріне қатысты мәліметтерден басқа ешқандай мемлекеттік немесе ведомстволық құпияны құрайтын ақпараттар жоқ деген В.В. Никанорова мен Т.Н. Коршунованың пікірімен келісуге болады. Расында партиялық құжаттардың басым бөлігі ешқандай негізсіз құпияландырылған десе болады, оған көбінесе құжат авторының партиялық билік иерархиясындағы алатын орны себеп болды. Бұл туралы В. Шепельдің «Строго конфиденциально» атты мақаласында кеңестік кезеңдегі партиялық органдар арасындағы жазылған барлық хаттарға «өте құпия» белгісінің негізсіз қойылғаны туралы айтады. Мысалы: Қонаевтың КОКП Орталық Комитетіне «Тың игеру өлкесін» таратып Торғай облысын құру туралы, 1983 жылы 25 ақпанда тұрғын үйлер құрылысындағы жетістіктер туралы, К.Черненкоға 1984 жылы сәуірде республиканың Томск облысындағы автомобиль жолдарын салуға қатысуға келісім беретіні туралы жазылған хаттарының бәріне «өте құпия» белгісі қойылған (Шепель, 2013: 3).

Құпиясыздандыру процесі жоспарлы және сұраныстарға байланысты жедел немесе эпизодты түрде жүргізілді. Сұраныстар көбіне жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға байланысты болды.

Осы аталған жұмыстардың нәтижесінде ҚР ПА еліміздің археографиялық қорын толықтыруға айтарлықтай үлес қосты. 1997 жылдан бастап ҚР ПА құпиясыздандырылған құжаттар негізінде көптеген құжаттық жинақтар дайындалды. Кеңестік кезеңдегі жарық көрген құжаттық жинақтармен салыстырғанда тәуелсіздік кезеңіндегі жинақтарда еліміздің тарихына қатысты бұрын беймәлім болып келген көптеген құжаттар жарық көрді. Бұл наразылық қозғалыстар, әлеуметтік топтарға қарсы репрессиялық саясат, этникалық топтарға қарсы репрессиялық саясат және жекелеген адамдарға бағыттылған репрессиялық саясат туралы, атап айтқанда алашорда зиялылары туралы, 1929-1933 жылдардағы Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық туралы, 1937-1938 жылдардағы саяси репрессия құрбандары туралы, халықтарды күштеп қоныс аудару туралы құжаттар жарияланды.

Сонымен бірге әртүрлі анықтамалық-ақпараттық басылымдар жарық көрді. Соңғы жылдары архивистер биографиялық сипаттағы анықтамалықтарды көптеп шығаруда. Анықтамалықтар мен құжаттық

жинақтар бірін бірі толықтырып отырады. Тәжірибе көрсеткендей тарихи зерттеулер жүргізуде анықтамалықтар тарихшылар мен археографтардың жұмысын едәуір жеңілдетеді (АП РК, 2010: 1).

Соның ішінде құпиясыздандырылған «ерекше папкалар» құжаттарынан тұратын «Рассекреченная война: «особые папки» ЦК Компартии Казахстана. 1941–1945 гг.» жинағы 1940 жылдардағы тарихи оқиғаларға байланысты. Жинаққа енген 289 құжаттың жетеуі ғана белгілі құжаттар болған. Жариялауға құпиялық мөрі алынып тасталған, Ұлы Отан жылдарындағы тылдағы жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының құжаттары, қаулылары және оларға қосымшалар іріктеліп алынды. Жинақ бір қарағанда тақырыптық болып көрінгенімен белгілі бір қор бойынша жасалды және жинаққа әр тектес құжаттар енді.

Халық комиссарлары кеңесі мен Қазақстан Компартиясы ОК бюросының отырыстарында талқыланған мәселелер республика өмірінің әр түрлі саласын қамтығандықтан мұнда мобилизациялау жұмыстары, экономиканы әскери уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімдеу, эвакуацияланған кәсіпорындарды, азаматтарды, госпитальдерді қабылдау және орналастыру, көшіп келген заводтар мен фабрикалар базасында қорғаныс өнеркәсібін қалыптастыру, әскери құрылымдар жабдықтау, фронт пен тыл арасындағы байланыс орнату, эпидемия қаупімен күрес, депортацияланған халықтарды орналастыру және жұмыспен қамту, еңбек армиясына жұмысшылар колоннасын жинақтау,

еліміздің азат етілген аудандарына көмек т.с.с. ақпараттар жинақталған (Грибанова, Зулкашева, Мурзагалиева, Чиликова 2020: 608). Бұл «ерекше папкалар» құжаттары негізінде әзірленген алғашқы және жалғыз жинақ.

### Қорытынды

Кеңес дәуірінде шектеулі пайдалануда болған партиялық басқару органдарының құжаттарын құпиясыздандыру мен ғылыми айналымға енгізу ісі жолға қойылғанымен бұл процесс өте баяу жүзеге асуда. Оның әр түрлі себептері болды.

Соның бірі, партиялық архив құжаттарының ұлттық архив қорына интеграциялаудағы туындаған мәселелер, атап айтқанда қорлар тізімінің болмауы, ҒАА-н жетілдіру қажеттілігі, тарихи анықтамалардың болмауы, тізімдемелерге алғы сөз жасау, құжаттарды есепке алу сияқты шешуді қажет ететін мәселелер болды. Партия тарихы институтындағы партиялық архив секторы құжатталған ретроспективті ақпаратпен тек КОКП ОК, Қазақстан Компартиясы ОК және марксизм-ленинизм институтын қамтамасыз ететін. Сондықтан КОКП ОК Бюросы мен секретариатында қаралған белгілі бір сұрақтар тізімімен жұмыс істейтін. Бұл кемшіліктерді түзеу архивистерден біліктілік, уақыт және еңбекті талап етті.

Екінші мәселе, басым көпшілігі құпиялық режимде болған құжаттарды құпиясыздандыру мәселесі. Құпиясыздандырылу мерзімі көрсетілмеген, қор құрушылары таратылып кеткен құжаттарды құпиясыздандыру үлкен жауапкершілік пен табанды еңбекті қажет етті.

### Әдебиеттер

- Архив Президента РК Ф. 30, Оп. 2, Д. 10, Л. 5.  
 Архив Президента РК Ф. 30-Н, Оп. 2, Д. 66, Л. 2,15,32,90  
 Архив Президента РК Ф. 30-Н, Оп. 2, Д. 91, Л.1-3.  
 Архив Президента РК. (2010). Обзор археографической продукции и справочно-информационных изданий за 1994-2010 гг. Алматы. С. 113.  
 Байкенжина Л.Ж. (1994). Из опыта работы государственного архива карагандинской области по рассекречиванию документов бывшего партархива. Материалы республиканского семинара-совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 35-37.  
 Джумалиев С.Р. (1998). Рассекречивание архивных документов, созданных компартией и комсомолом Киргизии. Архивы Казахстана, №3. С. 61-68.  
 Жапаров Б., Чупров В. (2015). Тайное становится явью. Казахстанская правда. 3 октябрь.  
 Закон РК «О защите Государственных секретов» от 19 января 1993 г.  
 Закон Республики Казахстан от 15 марта 1999 года №349-І «О государственных секретах».  
 Ельпатыевский А.В. (2006). О доступе к документам архивов. Отечественные архивы. №1. С. 8-11.  
 Кайргалиев М.К. (1994). Состояние и перспективы расширения источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана. Материалы республиканского семинара-со-



вещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 1-10.

Козлов В., Локтева О. (1997). «Архивная революция» в России (1991-1996). Свободная Мысль, №1. С. 112-121.

Корнеева В.Е., Копылова О.Н. (1992). Архивы на службе тоталитарного государства (1918 – начало 1940-х). Отечественные архивы, №3. С. 18-27.

Митропольская Т.Б. (1994). Из опыта работы по рассекречиванию документов бывшего партийного архива института истории партии при ЦК КП Казахстана. Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 29-35.

Наумов О.В. (1996). Вопросы доступа, пользования и использования документов РЦХИДНИ. Отечественные архивы, №2. С. 3-9.

Никанорова В.В., Коршунова Т.Н. (1999). Рассекречивание документов бывших партийных органов. Отечественные архивы, №3. С. 79-82.

Омарбеков Т. (1994). Об архивных источниках 20-х, 30-х годов. Материалы республиканского семинара-совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 11-15.

Основные правила работы партийных архивов обкомов, крайкомов партии и филиалов ИМЛ при ЦК КПСС. (1970). М.: 92.

Павлова Т.Ф., Афиани В.Ю., Чубарьян А.О. (2001). Ожидание перемен в деле рассекречивания документов КПСС: мнения хранителей и пользователей. Отечественные архивы, №5. С. 3-9.

Павлова Т.Ф. (2006). Архивы закрылись? Отечественные архивы. №1.

Савин В.А., Виноградова Я.Ю. (1994). Из истории создания и функционирования спецхрана в архиве. Отечественные архивы, №1. С. 18-27.

Себряев В.И. (1994). Категории госсекретов. Основные принципы отнесения информации к госсекретам. Материалы республиканского семинара-совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 16-25.

Трусов В.И. (1994). К вопросу рассекречивания документов бывших партархива. Материалы республиканского семинара-совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». Алма-Ата. С. 37-40.

Щегельский А.В. (1995). К вопросу о рассекречивании архивных фондов. Отечественные архивы, №1. С. 6-10.

Хасанаев М. (1994). Документы свидетельствуют о тягчайшем преступлении. Архивы Казахстана. №3. С. 56-59.

Чиликова Е.В., Грибанова Е.М., Зулкашева А.С., Мурзагалиева Г.Н. (2020). Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. 1941-1945 гг. Алматы. С. 608.

Шепель В. (2013). «Строго конфиденциально», или о чем переписывались руководители СССР и Казахстана в 20-х годах прошлого века. Комсомольская правда. 14-21 марта.

## References

Архив Президента РК F. 30, Op. 2, D. 10, L. 5. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

Архив Президента РК F. 30-N, Op. 2. D. 6b. L. 2,15,32,90. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

Архив Президента РК F. 30-N, Op. 2. D. 91. L.1-3. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

Архив Президента РК. (2010). Obzor arheograficheskoy produkcii i spravочно-informacionnyh izdaniy za 1994-2010 gg. [Review of archaeological products and reference and information publications for 1994-2010] Almaty. S 113. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

Bajkenzhina L.Zh. (1994). Iz opyta raboty gosudarstvennogo arhiva karagandinskoj oblasti po rassekrechivaniyu dokumentov byvshego partarhiva. Materialy respublikanskogo seminar-soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana» [From the experience of the state archive of the Karaganda region in declassifying documents of the former party archive. Materials of the republican seminar-meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 35-37.

Chilikova E.V., Gribanova E.M., Zulkasheva A.S., Murzagalieva G.N. (2020). Rassekrechennaya vojna: «osoby papki» CK KP (b) Kazahstana. 1941-1945 gg. [Declassified war: “special folders” of the Central Committee of the Communist Party (b) of Kazakhstan. 1941-1945]. Almaty. S. 608.

Dzhumaliev S.R. (1998). Rassekrechivanie arhivnyh dokumentov sozdannyh kompartiej i komsomolom Kirgizii [Declassification of archival documents created by the Communist Party and Komsomol of Kyrgyzstan]. Arhivy Kazahstana, №3. s. 61-68.

El'pat'evskij A.V. (2006). O dostupe k dokumentam arhivov [About access to archived documents]. Otechestvennye arhivy, №1. s. 8-11.

Hasanaev M. (1994). Dokumenty svidetel'stvuyut o tyagchajshem prestuplenii [Documents testify to the gravest crime]. Arhivy Kazahstana. №3. S. 56-59.

Kajrgaliev M.K. (1994). Sostoyanie i perspektivy rasshireniya istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov Kompartii Kazahstana. Materialy respublikanskogo seminar-soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kom-

partii Kazahstana» [Status and prospects for expanding the source base of historical sciences based on the liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan. Materials of the republican seminar-meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 1-10.

Korneeva V.E., Kopylova O.N. (1992). Arhivy na sluzhbe totalitarnogo gosudarstva (1918-nachalo1940-h) [Archives in the service of the totalitarian state (1918-early 1940s)]. Otechestvennye arhivy, №3. s. 18-27.

Kozlov V., Lokteva O. (1997). «Arhivnaya revolyuciya» v Rossii (1991-1996) [“Archival revolution” in Russia (1991-1996)]. Svobodnaya Mysl', №1. s. 112-121.

Mitropol'skaya T.B. (1994). Iz opyta raboty po rassekrechivaniyu dokumentov byvshego partijnogo arhiva instituta istorii partii pri CKKP Kazahstana. Materialy respublikanskogo seminar – soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana» [From the experience of declassifying documents of the former party archive of the Institute of Party History under the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan. Materials of the republican seminar – meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 29-35.

Naumov O.V. (1996). Voprosy dostupa, pol'zovaniya i ispol'zovaniya dokumentov RCHKIDNI [Issues of access, use and use of RCHKIDNI documents]. Otechestvennye arhivy, №2. s. 3-9.

Nikanorova V.V., Korshunova T.N. (1999). Rassekrechivanie dokumentov byvshih partijnyh organov [Declassification of documents of former party organs]. Otechestvennye arhivy, №3. s. 79-82.

Omarbekov T. (1994). Ob arhivnyh istochnikah 20-h, 30-h godov. Materialy respublikanskogo seminar-soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana» [On archival sources of the 20s, 30s. Materials of the republican seminar-meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 11-15.

Osnovnye pravila raboty partijnyh arhivov obkomov, krajkomov partii i filialov IML pri CK KPSS [Basic rules for the work of party archives of regional committees, regional committees of the party and branches of the IML under the Central Committee of the CPSU]. (1970). M: 92.

Pavlova T.F., Afiani V.Yu., Chubar'yan A.O. (2001). Ozhidanie peremen v dele rassekrechivaniya dokumentov KPSS: mneniya hranitelej i pol'zovatelej [Expecting changes in the Declassification of CPSU Documents: Opinions of Custodians and Users]. Otechestvennye arhivy, №5. s. 3-9.

Pavlova T.F. (2006). Arhivy zakrylis'? [Are the archives closed?] Otechestvennye arhivy. №1.

Savin V.A., Vinogradova Ya.Yu. (1994). Iz istorii sozdaniya i funkcionirovaniya specokhrana v arhive [From the history of the creation and functioning of the special guard in the archive]. Otechestvennye arhivy, №1. s. 18-27.

Sebryaev V.I. (1994). Kategorii gossekretov. Osnovnye principy otneseniya informacii k gossekretam. Materialy respublikanskogo seminar-soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana» [Categories of state secrets. Basic principles for classifying information as state secrets. Materials of the republican seminar-meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 16-25.

Shegel'skij A.V. (1995). K voprosu o rassekrechivanii arhivnyh fondov [On the issue of declassifying archival funds]. Otechestvennye arhivy, №1. s. 6-10.

Shepel' V. (2013). «Strogo konfidencial'no», ili o chem perepisyvalis' rukovoditeli SSSR i Kazahstana v 20-h godah proshlogo veka [“Strictly confidential”, or what the leaders of the USSR and Kazakhstan corresponded about in the 20s of the last century]. Komsomol'skaya pravda. 14-21 marta.

Trusov V.I. (1994). K voprosu rassekrechivaniya dokumentov byvshih partarhiva. Materialy respublikanskogo seminar-soveshchaniya po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana» [On the issue of declassifying documents of the former party archive. Materials of the republican seminar-meeting on the topic “Expansion of the source base of historical sciences on the basis of liberalization of access to documents of the former archives of the Communist Party of Kazakhstan”]. Alma-Ata. S. 37-40.

Zakon RK «O zashchite Gosudarstvennyh sekretov» ot 19 yanvarya 1993 g. [Law of the Republic of Kazakhstan “On the Protection of State Secrets” dated January 19, 1993]

Zakon Respubliki Kazahstan ot 15 marta 1999 goda №349-I «O gosudarstvennyh sekretah». [Law of the Republic of Kazakhstan dated March 15, 1999 No. 349-I “On State Secrets”]

Zhaparov B., Chuprov V. (2015). Tajnoe stanovitsya yav'yu [The secret comes true]. Kazahstanskaya pravda. 3 oktyabr'.